



Әбдіжәлел БӘКІР,
саяси ғылымдар докторы, профессор:

МЕН ҒЫЛЫМҒА КЕШ КЕЛДІМ

Алты Алаштың тарихын түп-түқияннан зерттеп, қазаққа танытып жүрген алаштанушы Әбдіжәлел Бәкір – 85 жаста. Тарих беттерінде ардақтылардың есімін алтын әріппен жазып жүрген Сыр перзентінің бұл мерейтойы Әбділла Тәжібаев атындағы облыстық ғылыми әмбебап кітапханада аталып өтті. Кітапхана төрінде тұлғаның қызметі мен азаматтық тұлғасын өскелең ұрпаққа дәріптеу мақсатында «Елінің ұлы, жерінің перзенті» деп аталған кітап көрмесі қойылған.

Алысқа көз тастап, терең ойланған ойлы адам өмір мектебінен алған тәлімі мен тәжірибесін сөз етті. Тұлғасын тұғырға қондыруда жолынан жығылмайтын Сыр халқы Әбдіжәлел Бәкірұлынан көп білгісі келгені болар, кітапхананың мәжіліс залына келген. Айналаға бір қарады да, Әбдіжәлел Қошқарұлы өмір жолын баяндады. Сырдария ауданының Айдарлы ауылында кіндік қаны тамған оны әкесі Қошқар Оразұлы мен анасы Патыма Рахманбердіқызы балалы болмаған нағашы аға-женгесі Бәкір Сопбекұлы мен Патыманың бауырына салған екен. Алайда жадында сақтай алмаған күйі қос әкесі де 2 жасында әскер қатарына алынып, содан оралмаған. Өмірдің сан түрлі соқпағы оны алдынан күтіп тұрды.

– Қыркыныш жылдары дүниеге келген әрбір перзентке ауыр тағдыр жазылған екен. Қиыншылықты да, жетімдікті те көрдік. Ес билгеннен нағашы атам Ахметтің қолында өстім. Ол – Баспақ батырдың немересі. Ал Мұстафа Шоқайдың анасы Бактыбике осы Баспақ батырдың қарындасы болған. Елуінші жылдардың басында Ахмет атам мені жақсы білім алсын деп Айдарлы ауылынан Қызылордаға көшіп келді, – дейді Әбдіжәлел Қошқарұлы.

Облыс орталығына орныққаннан кейін Мұртазаның баласы Мәдиардың отбасымен көрші тұрған. Мұртаза – Мұстафа Шоқайдың інісі. Мәдиардың шешесі Зұлфия бұрын Мұстафа Шоқайдың інісі Оспанның жесірі екен. Зұлфия: «Біздің қайынаға жеті патшаның тілін біледі» деп арагділік айтып қалады екен. «Бұл сөздің растығын Мұстафа Шоқайдың он екі томдық толық жинағын көргенде көзім жетті» деп еске алды. Әңгімені әрден бастаған Әбдіжәлел Бәкірұлы:

– Мен ғылымға кеш келдім, – деді. – Бір күні Оразбек Сәрсенбаев Алматыдан хабарласып, «3 томдық кітап жазып жатырмыз, соған сенің алғысөзің керек» деді. Тосыннан келген ұсыныстан бас тартқаным сол еді, «жазғандарыңды көріп жүрміз, сенің алғысөзің маңызды болып тұр» деп жігерлендіріп қойды. Кейін алғысөз жазып берген соң, қолымнан келетінін байқадым. 66 жаста докторлық қорғап, 71 жаста профессор атағын алдым. Өскелең жастарға бұл жасқа дейін жүрмендер деп ақыл айтамын.

2-БЕТТЕ

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

САЯБАҚТАҒЫ ҚҰРЫЛЫС

ҚАРҚЫНДЫ

Бас шаһардың төріндегі қалалық демалыс паркінің жаңарып, тұрғындарға есігін айқара ашуына аз ғана уақыт қалды. Бүгінде мұндағы құрылыс жұмыстары қарқынды жүруде. Нысанды сапалы және уақытылы жөндеп, пайдалануға беру үшін мұнда 160-қа жуық маман жұмылдырылған.



Өткен жылы облыс әкімі қалада тұрғындардың тиімді демалуына жағдай жасау керектігін нықтап айтқан болатын. Оның ішінде қалалық демалыс паркінің талапқа сай демалыс орны болу керектігі ерекше маңыз берді. Тұрғындар тарапынан да демалыс паркінің тамақтану орнына айналып, қауапханаларға толғаны сан мәрте сөз болды. Міне, аймақ басшысының тапсырмасы негізінде демалыс орны талапқа сай қайта жасқалып жатыр.

Мамандардың айтуынша, мұнда жасыл-желектер көбейтіліп, көгалдандыру бағытына басымдық берілмек. Ал бұрынғы көнерген жарықшамдардың орнын жаңа үлгідегі заманауи жарықшамдар басады. Балаларға арналған ойын алаңдары мен демалушылар үшін жайлы орындықтар мен көлеңкелі шатырлар қойылады. Сонымен қатар субұрқалар іске қосылады. Жаңғырту жұмыстары аясында тұрғындардың қауіпсіздігі мен жайлылығы басты назарда.

Бүгінде құрылыс алаңында 160-қа жуық маман тынымсыз тер төгуде. Құрылыстың жылдам жүруіне 25 арнайы техниканың да себеі тиіп келеді. Мамандар жұмысты жаз маусымына дейін аяқтау мақсатында қосымша 200 құрылысшы қосылатынын айтады. Қазіргі таңда 6 гектарға жуық аумақтағы құрылыс жұмыстарының жартысынан көбі біткен.

– Осы күні субұрқак құрылысы да толықтай аяқталып, тек су құбырын жүргізу жұмыстары қалды.

Тұрғындардың демалысын қызықты өткізуге 20-ға жуық аттракцион қойылады. Қала қонақтарына ұямай көрсетуге болатындай саябақ болады деген үмітіміз бар, – дейді құрылыс компаниясының өкілі Нұрдаулет Сағынбайұлы.

Тұрғындардың балаларын алаңсыз ойнатып, серуендететін саябақтар, ойын алаңдары қауіпсіз әрі қолжетімді болуы тиіс. Бұл – ең маңызды іс.

– Осы сәтте негізгі жұмыстың 60-70 пайызын аяқтадық. Ендігі калғаны – су құбыры, аттракциондар және жарық шамдарды орнату. Аттракциондарды орнату бір апта ішінде басталады. Саябақтың толықтай жаңарту жұмысының аяқталуын мамыр айына жоспарладық, – дейді Нұрдаулет Сағынбайұлы.

Мұндағы құрылысшылар әрбір жұмысты тиянақты әрі уақытылы орындап жүр. Олар «ел игілігі жолындағы қызметім» деп ұғып, ерекше ынтымақпен кіріскен.

– Жұмысының нәтижесі ел игілігіне бағытталып жатса, қалай қуанбайсың?! Әрбір қалаған кірпіштіңнің рахатын ел көреді. Керемет емес пе?! Өмірге жай келіп-кету үшін емес, ізінді қалдыру үшін жүресің. Сенің қолыңнан шыққан дүниенің ертеңгі күні ел қалдасына асып жатқаны, халықтың тынығын, серуендейтін, тіпті мыңдаған адамға қызмет ететін нысанның құрылысына



титтей де болса үлесінің тигені – зор бақыт, – дейді құрылысшы Нұрлыбек Еділұлы.

Еңбегін елге арнаған азаматтардың сұхбат беруге де уақыты жоқ. Өйткені сынаптай сырғыған уақыт зулап өткенде межелі мерзімде бітіре алмау – құрылысшыға сын. Сондықтан олардың тынымсыз еңбек етіп, сағатпен санаспауы да орынды.

Мерейім ӘЛІБАТЫР,
Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дің
3-курс студенті

ХАЛЫҚ ҮНІ

Айгүл ҰЛЫМБАЕВА, №212 мектеп-гимназия директорының бейінді оқыту жөніндегі орынбасары, физика және информатика пәні мұғалімі:

ЖАС БУЫНМЕН БІРГЕ РОБОТОТЕХНИКА САЛАСЫ ДАМЫП КЕЛЕДІ

Бүгінде білім беру саласында цифрлық технологиялар мен инновациялық әдістердің маңызы артып келеді. Әсіресе, оқушылардың ІТ саласына деген қызығушылығын оятып, олардың шығармашылық, техникалық дағдыларын дамыту маңызды міндеттердің біріне айналды. Осы бағытта информатика және робототехника пәндерінің ролі ерекше. Осы ретте №212 мектеп-гимназия директорының орынбасары, физика және информатика пәні мұғалімі Айгүл Ұлымбаевамен ұстаздық жолы, робототехниканы оқытудағы тәжірибесі мен жетістіктері туралы сұхбаттастық.

– Бұл мамандықты таңдауға не себеп болды?

– Негізгі мектепте барлық пәндерді жақсы көрдім, соның ішінде орыс тілі мен әдебиетінен түрлі сайыстарға, олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындарға ие болдым, ұстазым Зияда Кудиярова Сейтжаппарқызының еңбегінің арқасында екі тілде сауатты болдым. 1990 жылдары жалпы табиғат туралы ғылымдар, атап айтқанда физикалық формулалар мен сол кездердегі ЭЕМ (электронды есептеуіш машиналар), алғашқы IBM-дер шыға бастаған кезде түрлі бағдарламалар жасау мен қатты қызықтырды. Сол себепті мектеп бітірген кезде физика-информатика мамандығын таңдадым.

3-БЕТТЕ



ДЕПУТТАТТАР АУЫЛ МЕДИЦИНАСЫНА АЛАҢДАЙДЫ

Қала аумағындағы емханалар мен ауылдық елді мекендердегі емдеу ұйымдарының халыққа сапалы медициналық қызметтер көрсетуде интернет жылдамдығын жақсарту, емдеу орындарының тарлық етуі, медициналық құрылғылардың жетіспеушілігі, тегін дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етуін жақсарту мақсатында пәрменді шаралар қабылдауды қажет етеді. Бұл мәселелер VIII шақырылған қалалық мәслихат депутаттарының кезекті отыз алтыншы сессиясында кеңінен талқыланды. Сессияға қала әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаев, сала басшылары, ауыл-кент әкімдері қатысты. Сессия отырысына қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаев төрағалық етті.

Сессияның күн тәртібіндегі бірінші мәселе «Қалалық емханалар мен ауылдық елді мекендердегі емдеу ұйымдарының халыққа сапалы медициналық қызметтер көрсетуі және тегін дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету мәселелері туралы» бойынша облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Жаңыл Абубакирова хабарлама жасап, осы салада атқарылған жұмыстар мен кезегін күтіп тұрған тиісті мәселелер жөнінде кеңінен айтып өтті.

– Қаламызда мемлекеттік денсаулық сақтау құрылымдары мен барлық стационарлар тұрғындарға тиісті кепілдендірілген қызмет көрсетуде. Атап айтсақ, Қызылорда қаласы бойынша бір тәулік ішінде орта есеппен 6258 ересек, 4360 бала дәрігер көмегіне жүгінеді. Ал жедел жәрдем қызметінен 700-ге жуық шақыртулар орындалады. Орташа есеппен 1 тәулікте стационарлық емге шұғыл және жоспарлы түрде 139 ересек және 74 бала қабылдана, 20-30 нәресте дүниеге келеді. Қаламызда жыл сайын денсаулық сақтау нысандарының саны артауда. Өткен жылы өңірдегі барлық елді мекендердегі денсаулық сақтау ұйымдарына 200 дана санитарлық автокөліктер алынып, оның 72 данасы қалада орналасқан медициналық ұйымдарға берілген. Осылайша, елді мекендерде санитарлық автокөлікпен қамту мәселесі түбегейлі шешімін тапқан. 2025 жылы денсаулық сақтау ұйымдарына материалдық техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету үшін 7,8 млрд теңге бөлініп, оның 5,4 млрд теңгесіне қалада орналасқан медициналық ұйымдарға медициналық техника сатып алу жоспарлануда, – деді облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Жаңыл Абубакирова.

2-БЕТТЕ



ДЕПУТТАТТАР АУЫЛ МЕДИЦИНАСЫНА АЛАҢДАЙДЫ

Мемлекет халық үшін медициналық қызмет сапасын жақсарту, сондай-ақ медицина қызметкерінің өзі үшін қолайлы жағдай жасау бойынша іргелі іс атқаруда. Дегенмен бұл тұрғыда қиындықтар да кездесіп жатады. Мәселен, тегін дәрі-дәрмектер алу үшін тіркелген науқасқа тікелей берілуі туралы шешімге сәйкес, тегін дәрі-дәрмек алуға дәрігер жазып беретін электронды рецепт үшін науқастарда смартфон болу керек. Бұл жасы 60-тан асқан смартфон қолдана алмайтын зейнеткерлерге қиындық келтіреді. Қарапайым қалта телефоны бар зейнеткерлер дәрігерлерін уақытты ала алмауда. Ал екінші мәселе жүзін әжім басқан қарияларды face ID жүйесі танымай қалып, науқастар уақыт жоғалтуда. Осы сынды мәселелер ауылдағы ағайынның тегін дәріні уақытында алуына кедергі келтіріп отыр.

кезден бастап ешқандай жөндеу көрмеген. Осындай ауылдағы мәселелер қашан шешімін табады? Медицина саласына көптеген қаржы бөлініп жатыр. Ауылдағы ағайынның денсаулық мәселесіне көңіл бөлетін уақыт келген сияқты, – деді қалалық мәслихат депутаты Мейрамбек Есжанов.

Ал қалалық мәслихат депутаты Раушан Ысқақова қаладағы медицина саласының жетістіктері мен өзекті мәселелерін жан-жақты зерделей келе қалалық мәслихат тарапынан ұсыныстарын жеткізді. Мәселен, КБИ тұрғын үй ауданындағы Жаппасбай батыр көшесінде орналасқан көпқабатты тұрғын үй аумағынан емхана филиалын ашу, №6 емханаға қарасты «Бәйтерек» мөлтек ауданы тұрғындарының сұранысы бойынша сол аумақта емхана филиалы құрылысын жүргізу, №1 емхана ғимаратының тарлық етуін ескере отырып, алдағы уақытта емхана жанынан қосымша құрылыс салу және автотұрақ салуды қарастыру, №4 және №5 емханаларға жаңа ғимарат салу мүмкіндіктерін қарастыру сынды мәселелер өз кезегін күтіп тұр.

Сонымен қатар сессия отырысында «Қызылорда қаласының Құрметті азаматы» атағын беру туралы, «Құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі жергілікті ведомстваралық комиссияның дербес құрамын бекіту туралы», «Көмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның құрамын бекіту туралы» мәселелері талқыланды.

Басы 1-бетте

Айтлқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

Әбдіжәлел БӘКІР, саяси ғылымдар докторы, профессор:

МЕН ҒЫЛЫМҒА КЕШ КЕЛДІМ

Қазақ талантты халық екенін айтып жүрміз. Біздің жеті ата сақтау мәдениетіміз тегімізді таза сақтауда ықпалы зор. Дегенмен біз өз талантымызды шығара алмай отырмыз. Адамда талант пен ақыл да қатар өрілуі керек. Ал бұл қасиеттер еңбекпен бекітілмесе, бәрі бекер. Сондықтан ақыл мен талантқа еңбек қосылуы керек екенін баса айтқан алаштанушы баланың тәрбиесі отбасынан бастау керектігін біз білеміз. Бұл ретте бүгінгі қоғамда ұлттық тәрбиенің кем түсіп жатқанын да байқау қиын емес.

– Мұстафа Шоқайдың ұлы адам болуы – ұлттық тәрбиенің нәтижесі. Атасы да, әкесі де Сыр бойына белгілі азаматтар болған. Ал анасы Бактыбекінің сауаттылығының арқасында 5 жасында оқуды үйреніп, 4 жылдық медресені 2 жылда тәмамдаған. Мұстафа Шоқайдың заманы әлі туған жоқ. Мектептерде 1-сыныпта қазақ тілін оқып, 2-сыныпта орыс тілін өтеді. Одан кейін ағылшын тілі тағы бар. Соңғы жаңалықтарда қытай тілін қосу керектігі де айтылып жүр. Құнығыз елі Жапонияда 12 жасдан бастап қана шет тілдеріне мән береді. Ахмет Байтұрсынұлының «бастауыш мектептегі 3 жылында оқушы өз тілінде оқу керек» деген тәмсілі бар. Қазақстанның солтүстік аймақтарында қазақ мектептерінің санының аздығы да үлкен мәселе, – деді ол кезекті бір сөзінде.

Бір кездері Мұстафа Шоқайдың денесін елге әкелу керек деген ұсыныс көтерілген еді. Алғашында қолдап, кейін қарсы болған Әбдіжәлел Қошқарұлы осы мәселе бойынша Түркияға хат жазғанында ол жақтан «Сіздер Мұстафа Шоқай



түгілі Алашты қадірлеп жатқан жоқсыздар. Оны Қазақстанға алдырып не қыласыздар?» деген хат алған. «Еуропаға барсақ, Мұстафа Шоқайға соқпай кетпейміз. Ол біздің әулиеді құрметтейтін тұлғамыз» деп жауап берген екен түрік зиялылары. – Шынында, осындай ұсыныстармен Міржақып Дулатовтың сүйегін әкелдік, қазір соны кім біледі? Ешкімнің де шаруасы жоқ. Мұстафа Шоқайды Қазақстанға әкелуге еш себеп көрмеймін. Францияға барсаңыз, ұлы тұлғаға арналған саябақ бар. Кез келген адам біледі десем қателеспеймін. Өткен жолы барғанымда үлкен саябақ пен ескерткіш тақтасын көрдім. Оны қадірлеп отырған халықтан алып кетіп, орнынан қозғаудың қажеті жоқ деп ойлаймын, – дейді мерейтой иесі.

Мұстафа Шоқайдың 1000-нан астам еңбегінің 224-і ғана аударылған. Орыс, француз, неміс, ағылшын тіліндегі мақалалары әлі күнге дейін аударылмаған. Сонымен қоса шағатай тіліндегі 273 мақаланы аударып, Мұстафа Шоқайдың 135 жылдық мерейтойына орай энциклопедия ретінде шығару жоспарланған.

Жиын соңында бірге қызметтес болған әріптес достары жылы лебіздерін айтып, естеліктерімен бөлісті. Әбділға Тәжібаев атындағы кітапханаға Мария Шоқайдың «Менің Мұстафам» атты кітабы табысталды. Кітапхана басшысы жөндеуден өтіп жатқан 6 оқу залының бірін Әбдіжәлел Бәкірдің атына беру туралы ұсыныс айтып.

– Кітапхана Сыр бойының зиялы қауымы бас қосатын орта болуы керек. Жөндеуден өтіп жатқан оқу залы креативті оқу залы ретінде заманға сай жасалып жатыр. Әбдіжәлел Қошқарұлы Мұстафа Шоқайды ғана емес Алаш қайраткерлерін зерттеп жүргенін білеміз. Алаштану орталығындағы жүздеген адамның қызметін бір өзі атқарып жүрген оған өз тарапымыздан оқу залының атын беруді жоспарлап отырмыз, – деді кітапхана директоры Нұрлыбек Мыңжас.

Қазақтың қошын тура жолға бастап жүрген тұлғалар аз емес. Бастысы, олардың еңбегін ел білуге керек. Бүгінгі жиналғанды Әбдіжәлел Бәкірге деген құрмет осы ойымызды салмақтады.

Думан КЕЦШЛІК

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ ӨТТІ

Аймақта екі қолға бір күрек таппай жүрген 7695 азамат бар. Оларды тұрақты жұмыспен қамтамасыз ету мақсатында бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өтті. Жәрмеңкеге 24 жұмыс беруші қатысып, 236-дан астам бос жұмыс орнын ұсынды. Іс-шара «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында ұйымдастырылған.

Нұрбол Бахрадинов – 32 жаста. Ол құрылысшы мамандығын бітірген. Десек те тұрақты жұмысқа орналаса алмай жүр. Бүгінде дейін әр түрлі мекемелерде еңбек еткен ол қысқартуға ұшырапты. Жәрмеңкеге өзіне жұмыс табымын деген үмітпен келді.

– Жалдамалы пәтерде тұрамын. Қазір күндіз жұмыспен амалдап жүрмін. Қандай жұмыс болса да арланбай іске кірісіп келемін. Өйткені нан табу керек.

Отбасым бар, аузыма қарап отырған бала-шағам бар. Енді тұрақты жұмыс тапқым келеді, – дейді ол.

Нұрбол мамандығы бойынша бірнеше жерге түйіндеме де апарған. Бірақ ешбірінен хабар жоқ. Өзірге жеке көлігімен жолдаушы тасымалдауда. Қоғамда ол тәртізді жүздеген, тіпті мыңдаған адам бар. Ал тұрақты жұмыс барлығына бірдей бұйыра бермейді. Осыған дейін «Манса» орталығы ұйымдастырған үш жәрмеңкеде 637 адам жұмыс тапқан. Айта кетейік, бүгінде елде жүргізуші, электрік, сантехник, дәнекерлеуші, инженер-құрылысшы, аспаз тәрізді жұмысшы мамандықтар тапшы көрінеді.

Камила САҒЫНДЫҚОВА, Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дің 3-курс студенті

Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы Қазақстан Республикасының Салық Кодексінің 93-бабының талаптарына сәйкес келетін заңды тұлғалардың, филиалдардың, өкілдіктердің және жеке кәсіпкерлердің мәжбүрлеп таратылуға жататын тізімін жариялайды:

№	СТН	ЖСН/БСН	Салық төлеушінің атауы	37	330520175851	971204400158	Нұрлыбай Тұлдана Жалқыбайұлы «ДК Нұрлыбай»	74	330100222853	41140008345	«Компас-Қазылорда» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	101	331000053365	140241019536	«Premium Logistic Asia» (Премью Логистик Азия)-Қазылорда» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің филиалы	124	331000096809	210340034692	«Кемел Келіспекке Жол» Қоғамдық қоры
1	331012106695	420410402049	Маханбетова Күлбар ДК Маханбетова	38	330520251168	119600165	Жүнісбек Әлісұлы Қайырбеқылы «ДК Жүнісбек»	75	330100222923	41140002564 <td>«ДЭУПТ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі</td> <td>102</td> <td>331000058773</td> <td>150141007605</td> <td>«Kaz Строй Диагностика» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Қазылорда филиалы</td> <td>126</td> <td>331000098002</td> <td>210540007523</td> <td>«Тұр-қол» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі</td>	«ДЭУПТ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	102	331000058773	150141007605	«Kaz Строй Диагностика» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Қазылорда филиалы	126	331000098002	210540007523	«Тұр-қол» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
2	331012196679	730512302242	Маймаков Талғат Абдишарипович ДК «Талғат»	39	330520227996	615500333	Шахмет Олжас Жалғасұлы «ДК Шахмет»	76	330100223312	41240018217	АРІА» кәсіп қызметі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	103	331000058927	150141017607	«Уауе-Фреле» Қоғамдық бірлестігінің Қазылорда облысы филиалы	127	331000098277	210540013964	«GeoПромСтрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
3	331012330272	210464022653	Туманов Еркем Маратович ШК «Марат»	40	330620100743	810302403091	Сыздықова Куанышкуль Елибаевна «ДК Каскет»	77	330100225638		«Конар» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	104	331000061564	150640022247	«М.Д.ДАНШИМА» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	128	331000103332	211040020298	«Ligid Trade» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
4	331012333607	210464040314	Раманов Сейтқасым Қуантағанов ШК «Раманов»	41	330620222146	980106400095	ИльясӘселболатқызы «ДК Әсел»	78	3301002228126	60140007141	«Корпорация-Іскер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	105	331000062925	150941009942	«Ана батасы» жеке кәсіпкерлік қоры	129	331000103508	211040036125	«Статус мир» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
5	331017802551	750101308476	Салқынбаев Берік Жәнісұлы «ДК Берік»	42	330820490305	680403010116	Бекімов Мейірман Төлеулы «ДК Бекімов»	79	330100228302	60140019034	«Ер-Ду» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	106	331000066834	160540013833	Қазылорда облысындағы «Қазан мұрагерлер конференциясы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің филиалы	130	331000103746	211140008272	«KAZ UZ AGRO (KAZ UZ APRO)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
6	331017876797	680315402352	Нурсейтова Айгүл Абдировна «ДК А. Абдир»	43	330820697151	10505600889	Базарбаева Айдана Болатқызы «ЖК Базарбаева»	80	330100231544	61040006557	«Мунай Интер Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	107	331000066295	150941009942	«Республикалық зерттеу ветеринария институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің «Қазылорда облысы филиалы»	131	331000106476	220240012917	«Kamando» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
7	331017974533	780319420404	Женбаева Гульмира Кожановна ДК «Гульмира»	44	330820711205	20606501495	Сапарбай Мірғали Канатұлы «ДК Алхан»	81	330100235118	70941004200	«VITA Trade» Сауда үйі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Қазылорда қаласындағы филиалы	108	331000068286	160840028604	«Ана батасы» жеке кәсіпкерлік қоры	132	391700322327	200140025466	«Эрда Плес» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
8	331018952494	780917301926	Тен Леонид Юрьевич «ДК Тен.Л.»	45	330920482253	991116301383	Сабырхан Бекел Қазбекұлы «ДК Сабырхан»	82	330100236963	80241025715	«VITA Trade» Сауда үйі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Қазылорда қаласындағы филиалы	109	331000068826	160941027506	«Республикалық кәсіпкерлік қоры»	133	391700322635	200140029321	«Орда IT Алматы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
9	430120878338	720427303046	Сейітов Берік Жасбығевич «ДК Берік»	46	331010020473	930827302135	Қаюнов Данияр Кенжебекұлы «ДК Данияр»	83	330100240752	90340017229	«VITA Trade» Сауда үйі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Қазылорда қаласындағы филиалы	110	331000078426	180440025966	«RC ORDА» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	134	60040669061	140140010216	«Ю.С. Metagex, Инк» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
10	580321169130	20527600761	Оразабаев Улжолас Уаханқызы «ДК Оразабаев»	47	331010167663	520128402176	Ким Асла Михайловна «ДК Дос»	84	330100242011	90640020091	«Сыр Зан Ордасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	111	331000078701	180441040678	«KAZHERMET-KARAGANDY» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Қазылорда қаласындағы филиалы	135	600700573416	60540003548	«Алкол Проект Құрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
11	582018000583	710916400986	Бабакүлова Лайла Султанбаевна «ДК Бабакүлова»	48	331010340284	540918402283	Танбаева Бимарияш «ДК Танбаева»	85	330400210718	40240009354	«Ақиет-2004» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	112	331000079193	180541029781	«KAZHERMET-KARAGANDY» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Қазылорда қаласындағы филиалы	136	620200409485	130340004237	«Орда IT Алматы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
12	211512955885	480101410040	Нурпеисова Күлшара ДК «Нурпеисова К.»	49	331010508630	390308408530	Байташева Тохтасын	86	331000000771		«Арго-Групп» ашық акционерлік қоғамы	113	331000080681	180841026121	«Talent Academy» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	137	331000040066		«АЙС-ОЙЛГАЗ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
13	330120011249	830226401135	Ергали Гүлсия Ергалиқызы «ДК Ергали»	50	331010519345	111264001695	Ахметиян Сабыржан Белебекович «ШК Ахметиян»	87	331000004268	91240017723	«АТА ДАНК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	114	331000081206	181040003071	«Жорам ауыл шаруашылығы кооперативтерінің тәксеру одағы» заңды тұлғалардың бірлестігі	138	331000041086		«Интерм» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
14	330120062573	840105031330	Батырбеков Адиль Қалдыбекович «ДК Адиль»	51	331010737409	970925301088	Ибрай Шамсутдин Бахытұлы «ДК Ибрай»	88	331000009467	10064000081	«Султан Нефть» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	115	331000081503	181040023670	«BETTER than» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Қазылорда облысы бойынша филиалы	139	331000042887		«Талы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
15	330120180072	30764023773	Нуржанбаева Шекерулы «ШК Ақиет»	52	331010860308	960717301085	Төнбергін Нұржан Нұрланұлы «ДК Төнбергін»	89	331000009698	100640000765	«Мүгедектер қоғамы «Үміт жолы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Қазылорда қаласындағы филиалы	116	331000081646	181040033717	«ASCO PRO» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Қазылорда қаласындағы филиалы	140	331000044905		«BLITZ company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
16	330120181323	30764023595	Кенжетулов Бақыр Мухамбетжанов ШК «Бағдат»	53	331010899270	20312501358	Нұрланұлы Аян «ДК Нұрланұлы»	90	331000021147	110941008927	«Халықаралық Ядроға қарсы «Невада Семей» Қоғамысы» қоғамдық бірлестігінің Қазылорда қаласы және Қазылорда облысының филиалы	117	331000085990	190841027121	«KAZHERMET-KARAGANDY» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Қазылорда қаласындағы филиалы	141	33100004552	190540013284	Қуаныш Аржан Байұржанқызы ДК Қуанышова
17	330120182486	30764024404	Сағдықов Міржан Буланбаевич ШК «Сағдықов»	54	331010934646	140864018436	Тасымов Арман Ермакович ШК «Тасымов»	91	331000021411	110940021018	«Мүгедектер қоғамы «Үміт жолы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Қазылорда қаласындағы филиалы	118	331000086251	190940018011	«Talent Academy» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	142	331011487915	10212601527	Қуаныш Аржан Байұржанқызы ДК Қуанышова
18	330120182529	30760006414	Наниев Жидхаман ШК «НАНИЕВ»	55	331010994793	141264016153	Куненов Канат Шаймағамбетович «ШК «Куненов»	92	331000021411	110940021018	«Мүгедектер қоғамы «Үміт жолы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Қазылорда қаласындағы филиалы	119	331000086493	191042004924	«MAHCAP и К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	143	331011554629	960518301559	Сурганов Артем Сергеевич ДК СУРГАНОВ
19	330120231323	860625300918	Темірғалиев Шұржажан Абибуллаевич ДК «Робин и Ко»	56	331011005192	150164009960	Ермонова Айгүл Куанышевна ШК «Айгүл»	93	331000023205		«Алтын Орда» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	120	331000089751	200640011781	«Жорам ауыл шаруашылығы кооперативтерінің тәксеру одағы» заңды тұлғалардың бірлестігі	144	330420806046	202140060620	Сайшаубай Айгүл Нағашыбеқызы ДК САЙШАУБАЙ
20	330120280376	831104302433	Аргинбаев Рахат Амангелдиевич «ДК Рахат»	57	33101109298	216501382	Сабырбек Теміржан Ернаұлы «ДК Теміржан»	94	331000023328	960940002592	«Алтын Орда» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	121	331000089872	200640028994	«KAZHERMET-KARAGANDY» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Қазылорда қаласындағы филиалы	145	331010836096	971011301438	Кузнецов Андрей Вячеславович ДК Кузнецов
21	330120284522	870110401240	Жуанова Сауле Урабаевна «ДК Медина»	58	331011200113	921011302143	Мусаев Асылхан Омарұлы «ДК Асылхан»	95	331000026742	930540000754	«Мүгедектер қоғамы «Үміт жолы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Қазылорда қаласындағы филиалы	122	331000089894	200640029873	«KAZHERMET-KARAGANDY» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Қазылорда қаласындағы филиалы	146	33101096182	990305301645	Манарбаев Мархабат ДК Манарбаев
2																			



Айгүл ҰЛЫМБАЕВА, №212 мектеп-гимназия директорының бейінді оқыту жөніндегі орынбасары, физика және информатика пәні мұғалімі:

ЖАС БУЫНМЕН БІРГЕ РОБОТОТЕХНИКА САЛАСЫ ДАМЫП КЕЛЕДІ

– Оқушыларыңыздың робототехникаға деген қызығушылығын қалай бағалайсыз?

– Робот дегеніміз – адамның қызметін атқаратын, компьютер арқылы басқарылатын техника. Біле білсеңіз, біз қазір робот атаулыны жан-жақты қолданып та жүрміз. Мысалы, банкоматқа барсаңыз, сізге ақша санап береді. Паркте бір аппараттың ішіне отырсаң, ұшақпен кетіп жатқандай сезілуі мүмкін. Осы секілді басқарылатын техника бізде жеткілікті. Тіпті үй тірлігін жеңілдететін кір жуғын машина, шаңсорғыш секілді құралдар адамға қызмет етеді.

Ал енді робототехниканы мектепте оқыту, балаларға үйрету қызық. Егер сол робот құрастыратын жинтық болса, балалар құрастырса, бағдарламамен жұмыс істесе қызығушылық артады. Жас буынмен бірге робототехника саласы дамып келеді. Роботтарды күнделікті өмірде қолданатын уақыт та алыс емес.

– Мектептерге робототехника пәнін енгізудің маңызы қандай?

– Қазіргі таңда білім саласына «Робототехника негіздері» пәнін енгізу өте маңызды және өзекті болып отыр. Робот техникасы курсына әр тақырыпты зерделеу өз модельдерін жинау және бағдарламалауды көздейтін шағын жоба тапсырмаларын орындайды. LEGO® Education жинағымен оқыту өзара байланыс, құрастыру, рефлексия және дамыту деген бөлімдерден тұратын циклді оқу моделін іске асыруды көздейді.

«Өзара байланыс» бөлімі бұған дейін бар тәжірибе мен білімді жаңа игерген біліммен біріктіруге, оқытудың жаңа кезеңі үшін қозғаушы күш, бастапқы нүкте ету мүмкін болғанда білім қоржыны толығымен дегені менейді. Өзара байланыс орнату кезінде оқушылар тың ақпарат алады, таным көзжиегін кеңейтеді.

«Құрастыру» бөлімі модельдерді жинап, идея өндіру дегенді білдіреді. Оқу материалы ми мен қол «бірге жұмыс істеген» жағдайда жақсы меңгеріледі. LEGO Education өнімдерімен жұмыс істеу тәжірибелік оқыту қағидағарына алдымен ойлану, содан соң модельді жасауға негізделеді. Жинақтың әр тапсырмасында құрастыру кезеңіне арналған егжей-тегжейлі сипатталған, қадамдық нұсқаулар келтірілген.

– «Robotek.pro» платформасын оқу процесінде қалай қолданасыз?

– Робототехника бойынша түрлі сайыстарға дайындық кезінде құрастыру және бағдарламалау кезінде, сонымен қатар шығармашылық жұмыстармен айналысу барысында қолданамыз. 2023-2024 оқу жылының басында әлеуметтік желіден Костанай, Ақтау, Қызылорда облыстары бойынша Астана қаласындағы «Роботек» мектебінің «Озық ұрпақ» жобасын жариялағанын көрдім. Ережеге сәйкес мотивациялық хат, робототехника бойынша жетістіктер, кабинеттің жабықталуы, құралдардың болуы туралы мәлімет жібердім. Бір айдан кейін Қызылорда қаласының мектептерінде робототехника үйірмелерін іске қосу бойынша «Озық ұрпақ» жобасы үшін конкурстық іріктеудің қорытындысы шығып, Нұрсұлтан Назарбаев қорымен бірлесіп комиссия құрылып, критерийлерге сәйкес келетін 5 қатысушы мектепті бағалап, «Сіздің мектебіңіз жеңімпаз атанды» деген жауап келді. 1 қараша күні Қызылорда қаласында «Озық ұрпақ» жобасының ашылу салтанаты өтті. Астана қаласынан «Роботек» мектебінің директоры Санжар Шалкарбеков, Назарбаев қорының өкілі Медеу Қарсақбаев, «Роботек» мектебі серіктестік желісі бөлімінің басшысы Сұлтанбек Қазиев келді және жеңімпаз атанған 5 мектеп қатысты. Жобаға қатысатын мұғалімдерге 3 күн курс өткізіліп, сертификат берілді. 3 қарашада ынтымақтастық туралы келісім шартқа отырдық. 6 қараша күні 30-сәуірге дейін платформаны тегін қолдануға лицензия берілді. Алғашқы сабағымыз Robotek.pro платформасының менторлары қатысты. Қараша-сәуір аралығында 50 бағаны тегін оқыту қамтылды. Сәуірде 5 мектептің арасында ақтық сайыс ұйымдастырылды. Роботек мектебінің директоры Санжар Шалкарбеков, Назарбаев қорының өкілі Медеу Қарсақбаев жүрделі орман иеленген оқушылар мен жетекшілеріне диплом және 2024-2025 оқу жылына Robotek.pro платформасына 1 жылдық тегін жазылымды растайтын сертификат табыстады. Платформаны робототехника бойынша түрлі сайыстарға дайындық кезінде құрастыру және бағдарламалау кезінде, сонымен қатар шығармашылық жұмыстармен айналысу барысында қолданамыз.

– Робототехника балалардың қандай қабілетін дамытады деп ойлайсыз?

– Роботтар сайысына дайындау үшін мұғалімге команда тренері ретінде жұмыс істеуге тура келеді. Сайыс оқушылардың робот техникасы бойынша оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру әдісі ретінде бәсекеге қабілетті болуды қалыптастыруға септігін тигізеді. Бұл әдіс оқушыларды қосбасшылыққа, бәсекелестікке үйретеді. Сайыс барысында мектеп оқушысы достарымен қарым-қатынаста белгілі бір табысқа жетеді, жаңа әлеуметтік дәрежеге ие болады. Сайыс белсенділікті оятады, сондай-ақ оқушының бойында өзін-өзі тәрбиелеу дағдыларын қалыптастырады. Командаларды сайысқа дайындау кезінде ынтымақтастық пайда болады, олар мектеп оқушылары мен команда жаттықтырушысының тең дәрежеде бірлесіп әрекет етуіне негізделеді. Оларға «мұғалім-оқушы», «оқушы-оқушы» жұптарында, «жаттықтырушы-операторлар» тобында пікір алмасуға мүмкіндік беріледі.

– Робототехника болашақта қандай мамандықтарға жол ашады деп ойлайсыз?

– Жыл сайын көп мамандық адамдардан роботтарға ауысуда. Цифрландыру мен роботтандыру кәсіби қызметтің барлық саласына қарқынды еніп жатыр. Ал мұндай технологиялардың қарқынды дамуы білімнің есіктеріне әкеледі. Мұндай жағдайда өскелең ұрпақ болашақ мамандығын таңдауға, сұраныс пен бәсекеге қабілетті маман болуға ұмтылуы керек.

Z ұрпағы цифрландыру дәуірінде өсті. Олар үшін интернет бұл мессенджерлер мен ойындардағы байланыс қана емес, жаңа білім алудың жолы, біліктілікті арттырудың үздіксіз процесі, даму алаңы, идеялар және желілік бизнес ашу.

Цифрландыру саласы үнемі дамып отырады және бір орында тұрмайды. Сондықтан да жаңа технологиялар, роботтандыру мамандарының тапшылығы сезіледі. Бұл жаңа бос жұмыс орындарының пайда болуына әсер етеді, көптеген мамандық кәсіпорындарды роботтандыру процесінде жойылады. Дегенмен бұл жұмыссыздықтың өсуіне әкемелуі керек, өйткені технологиялық прогресс жаңа дағдыларды қажет ететін жаңа жұмыс орындарын ашады. IT саласындағы өзгерістердің арқасында іс жүзінде өндірістің барлық саласында жаңа технологиялар пайда болуда.

– Білім беру және инновация саласында көптеген жетістікке қол жеткіздіңіз. Құпиясы неде?

– Негізгі мақсатым – білім беру саласына инновациялық технологияларды енгізу және оқушылардың ғылыми-зерттеу дағдыларын дамыту. 2022 жылдан бастап бірнеше қалалық және республикалық байқауларға қатысып, тәжірибемді жетілдірдім. Мысалы, «Үздік авторлық бағдарлама-2022» байқауының қалалық кезеңінде алғыс хатқа ие болдым. Сондай-ақ халықаралық экология, инженерия және педагогика ғылымдар Академиясының «STARS OF SCIENCE» атты III республикалық ғылыми жобалар байқауына қатыстым. Инновациялық жобаларға ерекше көңіл бөлетіндіктен, «Innofest Qyzylorda» облыстық инновациялық жобалар фестиваліне және «Smart City Qyzylorda Hackathon 2023» IT-жобалар хақатонына қатысып, сертификаттарға ие болдым. Сонымен қатар республикалық «Ozuq Urapq 2024» жобасы аясында «Robotek.pro» оқу платформасы бойынша 50 баланы тегін оқыту лицензиясын иеленіп, жасөспірімдердің цифрлық білімін арттыруға үлес қосып келемін. 2024 жылы «Digital Lesson-2024» облыстық педагогикалық шеберлік байқауында III орын алдым. Жақында «Жасанды интеллект арқылы өлкенің тарихын зерттеу және басқару» атты облыстық семинарда ашық сабақ өткізіп, цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект платформаларын сабақ процесіне енгізу тәжірибеммен бөлістім. Болашақта осы бағытта жұмысымыз жалғастырып, білім беру саласына жаңа технологияларды енгізуге үлес қосуды мақсат етіп отырмын.

– Шәкірттеріңіздің жетістігі туралы айтсаңыз...

– Әлем үлкен өзгерістер алаңына айналып отыр. Жасанды интеллект бұрын-соңды естімеген жаңалықтарды ашуға, адам өмірінің сапасын өзгертуге белсенді араласып кетті. Тіпті жуық арада адам қолымен жасалатын көптеген жұмыс жасанды интеллект қолымен оңай орындалып, еңбек нарығынан шығып қалмақ. Бара-бара қарқын алатын осындай өзгерістер дәуірінде ұрпақ санасын сау, рухын сергек сақтау, бойларына ұлттық құндылықтарды сіңіріп, ел-жер қадірін түсіндіру қазіргі ұстаздар қауымына жүктелер азаматтық міндетке айналып отыр. Осы орайда өзін-өзі ұстаздық қызмет атқаратын Қызылорда қаласындағы №212 мектеп-гимназия оқушыларының цифрлық сауаттылықтарын арттырып, робототехникадан түрлі деңгейде өткізіліп жүрген конкурстарға даярлап келемін.

Мен үшін ең үлкен жетістік – шәкірттерімнің ғылым мен инновацияға деген қызығушылығы артып, түрлі байқауларда үздік нәтиже көрсетуі. Олардың жетістіктері – ұжымдық еңбектің және табандылықтың жемісі.

2022 жылы «Дарын» облыстық ғылыми жобалар байқауында 9-сынып оқушылары Айым Ақбарова мен Ақнұр Тыныштықбай II орынды жеңіп алды. Осы жылы «STARS OF SCIENCE» республикалық ғылыми жобалар байқауында 7-сынып оқушысы Ердоқ Айдоуслы II дәрежелі дипломға ие болды. Робототехника саласында да оқушыларым белсенді. «Robo Fest-Orda» облыстық фестивалінің қалалық кезеңінде Әліну Қожабекұлы мен Аслан Асқаров II орын алды. 2024 жылы «Robotek Grand Tournament» чемпионатының қалалық кезеңінде 7-сынып оқушылары Нұрхан Ысқақ мен Ернар Дастанбек III орынды иеленді. Инновациялық жобаларға да қызығушылық жоғары. 2023 жылы «Innofest Qyzylorda» облыстық инновациялық жобалар фестиваліне қатысқан оқушылар Инабат Жолдасова, Гүлім Сунақ, Нұрай Мадияр, Тобылты Қаламбай сертификат алды. 2024 жылы «ORDA-IT Fest» фестивалінің «Кино&Видео» бағыты бойынша 9-сынып оқушысы Инабат Жолдасова II орынға ие болды. Бағдарламалау және IT саласында да үлкен жетістіктер бар. 2023 жылы «Smart City Qyzylorda Hackathon 2023» IT-жобалар хақатонына 8-сынып оқушысы Ердоқ Айдоуслы қатысып, сертификат алды. 2024 жылы «Hackathon-Tech Teens 2024» облыстық байқауында 8-сынып оқушылары Нұрхан Ысқақ мен Инжу Раушанбекова алғыс хатқа ие болды.

Оқушыларым «ROBOGAMES» қалалық байқауында да жақсы нәтиже көрсетті. 8-сынып оқушылары Мұнар Мұратов мен Әділет Есіркеп «Инверстік сызық» санаты бойынша, ал Инжу Раушанбекова мен Инжу Сәбитқызы «Кегельринг-квардро» санаты бойынша III орын алды. 2025 жылы «Robotek Grand Tournament» республикалық чемпионатының қалалық кезеңінде 8-сынып оқушылары Нұрхан Ысқақ пен Еркебұлан Тәуекел III орынды иеленді.

Оқушыларымыз осындай жетістіктерге жетуі – олардың табандылығының, шығармашылық ізденісінің және сапалы білім алуға деген құлшынысының нәтижесі. Мен оларды мақтан етемін және алдағы уақытта бұдан да жоғары жетістіктерге жетеміз деп сенемін. Оқушыларымыздың табысы ұстаздар мен ата-аналар қауымын қуанышқа бөліп келеді.

Білімқұмар шәкірттеріммен бірлесіп жеткен жетістіктерім алдағы уақытта олардың қызығушылығын арттыратын ізденіс бағыттарын айқындап, ынтылана еңбек етуге қажет және жауапкершілігін арттырады. Тауелсіз еліміздің ертерін қуатты білімі озық, жасампаз ұрпақ тәрбиелеу ісінде оқушыларды білімге қызықтырып, адами ізгі қасиеттерге баулып, тәрбиелеуге баса ден қоямын. Себебі бүгінгі бала – ертеңгі саналы азамат, сауатты маман, ел қорғаны, халық мақтанышы.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Басы 1-бетте

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ IT-НАРЫҚ: ӘЗІРЛЕУШІЛЕРДІҢ ЖАЛАҚЫСЫ ҚАНДАЙ?

Қазақстанда IT-мамандарға сұраныс артып келеді, ал олардың жалақысы жыл сайын өсуде. «Kolesa Group» жүргізген зерттеуге сүйенсек, еліміздегі әзірлеушілердің 74%-ы қазақстандық IT-компанияларда жұмыс істейді, 14%-ы шетелдік компанияларда, ал 12%-ы қашықтан еңбек етеді. Жалақы деңгейі маманның тәжірибесіне байланысты. Орташа айлық жалақы – 1220000 теңге, медианалық жалақы – 960000 теңге. Ең көп табыс табатындар – iOS әзірлеушілері, олардың жалақысы 2100000 теңгеге дейін жетеді. Ал ең төменгі жалақы 160000 теңге шамасында. Тәжірибесі үш жылдан асқан мамандардың жалақысы күрт өседі, себебі компаниялар білікті кадрларды көбірек бағалайды. Жұмыс форматы да өзгеріп жатыр. 36%-ы аралас режимде, 33%-ы кеңселе, ал 26%-ы қашықтан жұмыс істеуді жөн көреді. Бұл қашықтан жұмыс істеуге сұраныс тұрақты екенін көрсетеді, бірақ көптеген маман үшін кеңселеді жұмыс пен командалық өзара әрекеттестік маңызды болып қала




береді. Қазақстанда IT сала барған сайын құрылымдалып, жалақы деңгейі мен талаптар жоғарылауда. Халықаралық нарыққа шығу мүмкіндігі артып, білікті мамандарға сұраныс күшейіп келеді. Бұл

трендтер еліміздегі IT индустрияның болашағы айқын әрі әлеуетті екенін дәлелдейді.

Бетті дайындаған София ТЕМІРБОЛАТ

Алғашқы отандық микропроцессор RX5 тестілеуден сәтті өтті


Қазақстан микроэлектроника саласында маңызды қадам жасады – алғашқы отандық микропроцессор RX5 өндірістен кейін тестілеуден сәтті өтті. Бұл жобаның жетекшісі – Назарбаев университетінің ассистент-профессоры, инженер және зерттеуші Нұрсұлтан Кабылқас. Нұрсұлтан Кабылқас «Болашақ» бағдарламасының түлегі, АҚШ-та білім алған және қазіргі таңда Назарбаев университетінде студенттерге микросұлбалар жобалау пәнін оқытады. Ол сондай-ақ жаңа микропроцессорларды жобалаумен айналысатын стартап командасын басқарады. SEDS NU сайтында жарияланған апаратқа сүйенсек, RX5-тің жасалуына бір жыл бұрын Пекиндегі «Beijing Open Source Chip Institute» институтымен серіктестік орнатылған. Осы ынтымақтастықтың арқасында процессор Қытайда өндіріліп,



Қазақстанға оралған соң негізгі кезең – «бринг ап» (алғашқы іске қосу және жұмысқа жарамдылығын тексеру) сәтті жүзеге асырылды. Әзірге RX5 әлемдік алғаштармен бәсекеге түсе алмады да, бұл қадам Қазақстанға отандық микроэлектроника мектебін

қалыптастыруға, инновациялық жасауға және болашақта өз елімізде чиптер өндіруге мүмкіндік береді. Бұл жетістік Қазақстанның технологиялық дамуындағы жаңа кезеңнің бастамасы болмақ.

«ПАЙДА ОЙЛАМА, АР ОЙЛА...»

ОН ТӨРТІНШІ
ҚАРА СӨЗАБАЙ
ҚУНАНБАЕВ – 180

Тірі адамның жүректен аяулы жері бола ма? Біздің қазақтың жүректі кісі дегені – батыр дегені. Онан басқа жүректің қасиеттерін анықтап біле алмайды. Рақымдылық, мейірбандылық, уа әрбір түрлі істе адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойлағандай ойды оларға да болса игі еді демек, бұлар – жүрек ісі, асықтық та – жүрек ісі. Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды. Амалдың тілін алса, жүрек ұмыт қалады. Біздің қазақтың «жүректісі» мақтауға сыймайды. Айтқанға көңіл, уағдада тұрғыш,

бойын жаманшылықтан тез жиып алғыш, көштің соңынан итше ере бермей, адасқан көптен атаның басын бұрып алуға жараған, әділетті ақыл мойындаған нәрсеге, қиын да болса, мойындау, әділетті ақыл мойындамаған нәрсеге, оңай да болса, мойындамау – ерлік, батырлық осы болмаса, қазақтың айтқан батыры – әншейін жүректі емес, қасқыр жүректі деген сөз.

Қазақ та адам баласы ғой, көбі ақылсыздықтан азбайды, ақылдың сөзін ұғып аларлық жүректі жігер, қайрат, байлаулықтың жоқтығынан азды. Білместігімен қылдым дегеннің көбіне нанбаймын. Білімді білсе де, арыс қайратсыздықтан ескермей, ұстамай кетеді. Жаманшылыққа бір елігіп кеткен соң, бойын жиып алып кетерлік қайрат қазаққа кем болады. Осы жұрттың көбінің айттып жүрген мықты жігіт, ер жігіт, пысық жігіт деп отырып жүрген кісілерінің бәрі – бәлеге, жаманшылыққа еліртпек үшін, бірін-бірі «айда батырлап!» қыздырып алады да, артын ойлатпай, азғыртатын сөздері.

Әйтпесе, құдайға терістіктен, не ар мен ұятқа терістіктен сілкініп, бойын жиып ала алмаған кісі, үнемі жаманшылыққа, мақтанға салынып, өз бойын өзі бір тексермей кеткен кісі, тәуір түгіл, әуелі адам ба өзі?

Қазақтың ұлттық киімі – ұлтымыздың мәдени болмысын айшықтайтын құндылықтардың бірі. Ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық киім үлгілері халықтың салт-дәстүрін, өмір сүру салтын, дүниетанымын көрсетіп келеді. Тарихи ерекшеліктерді сақтай отырып, заманауи сән әлемінде ұлттық нақышты жаңғырту – бүгінгі күннің маңызды міндеттерінің бірі. Бұл бағытта еңбек етіп жүрген кәсіпкерлер мен дизайнерлер аз емес. Солардың ішінде Айман Әбді ұлттық киімдерімен танылып келеді.

Айман Abdi Qazaqbrand:
Ұлттық сәннің жаңа келбеті

Кейіпкеріміздің сән әлеміне қызығушылығы мектеп жасынан басталған. Ол кәсіби тігінші болмағанымен осы өнерге құштарлығы арқасында талантын ұштай түсті. Кейін бір әулетке келін болса да бұл кәсібін тастамай қазіргі таңда өз кәсібінің несібін көріп отыр. Сән әлемінде өзіндік орнын қалыптастырып, «Айман Abdi Qazaqbrand» атауымен қазақы нақыштағы киім ұсынады.

– Сән үйімен жұмыс істей жүріп, иллюстрация курстарын оқыдым. Сән саласының қырсырын үйренуге деген құштарлығы арқылы ұлттық киім қызығушылығым оялды. Нәтижесінде ұлттық өрнектері бар ерекше стильдегі киімдерді өндіруді қолға алдым, – дейді ол.

Айман үшін бренд тек әдемі логотип немесе атау ғана емес. Ол үшін бұл – идея, көзқарас, ұлттық құндылықтарды заманауи үлгіде ұсыну. Сондай-ақ сән үйінде тек киім ғана емес, ұлттық әшекей-бұйымдар да шығарылады. Олардың дизайнында қазақы нақыш пен заманауи трендтер үйлесім тапқан.

– Елімізде ұлттық киімдерге қызығатын жастар артып келеді. Шымкент, Алматы, Астанада өткен сән көрмелеріне де қатыстым. Мұндай көрмелер мен сән шаралары брэндтің танылуына ықпал етуде. Көрмелерде ұлттық нақыштағы киімдердің ерекшелігі көрсетіліп, халықтың қызығушылығы артып. Сән үйінің заманауи киім үлгілеріне қазақша стильді үйлестірген бірегей туындылары көрермендердің оң бағасына ие болды, – делі Айман Әбді.

Кәсіпкерлік тек сапалы өнім шығарумен шектелмейді, сонымен қатар тұтынушыларға ыңғайлы жағдай жасау да маңызды. Айтқаныша, сән үйі тұрақты тұтынушыларына жеңілдіктер ұйымдастырып отырады. Жаңа топтамалар шыққан сайын «Instagram» арқылы хабарланып, арнайы жеңілдіктер мен науқандар өткізіледі. Бұл тұтынушылардың брэндке деген қызығушылығын арттырып, ұлттық киімдерді қолжетімді етуге мүмкіндік береді екен.

– Қазақтың ұлттық киімдері тек әдемілік үшін ғана емес, әрбір өрнек пен түстің өзіндік

мән-мағынасы бар. Біз де өз тарапымыздан ұлттық киімдерді жаңғырту отырып, рухани құндылықтарды сақтауға да үлкен мән береміз. Дәстүрлі киім – ұлттық болмыс, салт-сана мен ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениет пен дүниетанымының айқын көрінісі. Сондықтан ұлттық киімді заманауи сәнге енгізу – ұлттық сана мен мәдениеттің жаңғыруына үлес қосу, – дейді Айман Әбді.

Ұлттық мәдениетімізді қазіргі заманғы сәнмен үйлестіріп, халыққа сапалы өнім ұсынатын жүрген дизайнердің айтуынша, оюлы киімді тек тойға ғана емес, күнделікті өмірде де сәнді әрі заманауи үлгіде киюге болады. Айман Әбдінің ұлттық сән әлеміне қосқан үлесі – тек кәсіпкерлік ғана емес, ұлттық болмысты сақтап, болашақ ұрпаққа жеткізу жолындағы маңызды бастама. «Айман Abdi Qazaqbrand» арқылы қазақы сән әлемі жаңа бағытта бет алып, ұлттық нақыштағы киімдер сән әлемінде өз орнын табуда.

Камилла САҒЫНДЫҚ,
Қорқыт ата атындағы
ҚМУ-дің 3-курс студенті

АТА-БАБА
АМАНАТЫН
ОРЫНДАУ
ҰРПАҚҚА СЫН

Отан. Бұл сөздің астарына тереңдей ой жібере бастасак шексіз әлемге сапар шеккендей боларсың. Әрине, саналы түрде еркін қадам бассаң. Жұдырықтай жұмыр жердің бетінде қаншама ұлт пен ұлыс өмір сүруде. Мемлекеттің құрып, көпшілігінің бүкіл әлемдік қауымдастықтың ортасынан географиялық орнын анықтап алып, ата-бабаларының салып кеткен жолымен ұрпақтар сабақтастығын жалғастырып жатқанына көзі қарқаты азаматтардың бәрі де қуогер. Әрбір тірі пенденің дүниеге келуімен қатар бәсекеестік ортаның қалыптасатыны сөзсіз құбылыс. Бірақ, ел тұтастығын сақтай отырып, ұлттық менталитетіміздің қанға сіңген қасиетін сақтау, өскелең ұрпаққа өнеге етіп ұсыну, әрбір басталған істі жүзеге асыру үшін намысқа тырысу, туған жерін үшін, ұлтының абыройын асқақтату үшін әрбір жастың бойында патриоттық сезімді қалыптастыру ендігі кезекте кезек күттірмейтін міндетке айналу керек деп санаймыз. Әрбір отбасында береке-бірлік болған кезде ғана табысқа келесің, жақсы өмір салтын қалыптастыра аласың, сыртқы дүниеде болып жатқан жайлардан өзіңе қажетті пайдалы жағын өз бойына сіңіруге талпыныс жасайсың. Отан атаулы киелі сөздің әрбір отбасынан бастау алатынын бір сәтте естен шығармасак екен. Елдің тыныштығы берекелі істердің бастауында болатын терең мағыналы сөздің – Отанның қатты мемлекет болуы, экономикалық жағынан жан-жақты дамуы, ғылыми-техникалық прогрестің алғы шебінде болуы, қорғаныс саласында өзін-өзі қорғай алатындай қабілетке ие болуы ел азаматтарының туған жеріне деген баға жетпес сүйіспеншілігінде жатқанын біздің әрқайсымыз сезінуге тиіспіз. Әрбір азаматтың туған жерді түлетуге, бәсекеге қабілеттілігін, заманға сай терең білім алуға дегендей құштарлығын арттыруға, кәсіби шеберлігін шыңдауға, қолда бар мүмкіншілікті пайдалануға ықпал жасау қазіргі уақыт талабы осыларды қажет етіп отыр.

Қазақ елінің әрбір азаматының бойында бір ерекше мақтанш сезімі билей алғанын да білеміз. Жер шарындағы өркениетті тәуелсіз мемлекеттер арасындағы территориялық көлемі жағынан алғашқы он мемлекеттің бірі екенімізді білеміз. Ата-бабаларымыздың төгілген қанымен келген, көрші елдермен ел басшылығындағы азаматтардың табиғи мәмлегерлік қасиеттерінің арқасында қол жеткізілген ұлан байтақ қазақ даласын халқымыздың қалесіне қалай тиімді пайдалана аламыз, оның тұтастығын қалай қамтамасыз ете аламыз деген сұрақ біздің әрқайсымызға ой салып жүргенін айқын сезінеміз. Сонымен, елдің тыныштығын қалай қамтамасыз ете аламыз?! Қазіргі қалыптасқан бүкіл әлемдегі жағдайларға байланысты бүкіл қазақстандық азаматтың, қазақ жастарының патриоттық сезімдерін қалай оята аламыз, жігерлендіре аламыз деген ой мазалайтыны рас. Қазақстан Республикасының Ата заңының «Адам және азамат» бөлімінің 36 бабының бірінші тармағында: «Қазақстан Республикасын қорғау – оның әрбір азаматының қасиетті парызы және міндеті» деп атап көрсетілген.

Демек, туған жерімізді, Отанымызды арам пияғалды жаудан қорғау, біздің әрқайсымыздың Ата-бабалар аманатын Ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу біздің перзенттік борышымыз. Осы ретте айтуымыз керек, біз осы қолда бар мүмкіндігімізді қалай пайдаланып отырмыз? Қызылорда қаласы мен аудан орталықтарында қаншама халқымыздың тарихи тұлғаларына арнап тұғырлы ескерткіштер орнаттық, олардың айттып кеткен ұлағатты өсиет сөздерін кейінгі ұрпаққа қалай жеткізіп жатырмыз? Жыл сайын жүздеген жастар Отан қорғау сапына жіберіледі, осы сәттегі қалыптасқан көріністерді қол алдына ала отырып, көңілің тола ма?

Қобыланды батыр, Жалантөс Баһадур батыр, Жанқожа батыр, Бұқарбай батыр, Аманкелді батыр, Анаға тағзым, Бегім ана ескерткіштерінің жастарға патриоттық тәрбие берудегі, әсіресе әскер қатарына өзінің азаматтық борышын атқаруға шығарып салу сәтін болашақ Отан қорғаушы жауынгерлердің мәңгі есінде қалатындай етіп ұйымдастыра білуіміз керек-ақ. «Отан – Ана» деген киелі сөздің шыңындағы мағынасын Аналардың Аманат – ақ батасымен: «Ақ ұлым, ардайым қырағы бол!» Абыз ақсақалдардың: «Ата-бабалар аманатын орындау, сендердің туған жер перзенттерінің азаматтық міндеті – борышы екенін ардайым есте сақтаңдар» деген ұлағатты сөздерді естіу, олар үшін туған жерге, Ата-анаға деген патриоттық сезімдерін оятып, жігерлендіре түсетіні айдан анық.

Қазақ елінің мәртебелі жауынгері атану мемлекетіміздің ірге тасын берік ыңғайтып, рухымызды асқақтатып ата-бабалар аманаты деп түсінуіміз керек.

Ұрпақтан-ұрпаққа ұласқан өнегелі ұрпақтар сабақтастығы жалғасын таба берсін, достар!

Сайлаубай ӘБШЕВ,

облыстық «Ұрпақтан-ұрпаққа» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, «Қазақстан Республикасының Алтын Жұлдызы» атты төсбелгісінің иегері.

Осы бір қазіргі келген ұзын бойлы сары жігіттің ауданға келіп, із кесуші-криминалист болып істегеніне көп уақыт бола қойған жоқ. Әйтсе де, өзінің елге келгені, тез шешім қабылдап, қылмысты ашуда кішкентай ғана нәрседен себепін тауып кетуі – әріптестердің назарына іліге бастаған жайы бар.

Орта мектепті бітірген кейін Шымкенттегі әскери мектеп-интернатта оқыды. Одан Семейдегі заңгерлер дайындау институтын бітіріп, Жалағаш ауданындағы ішкі істер бөліміне із кесуші болып орналасты.

Өмір ағымы өз құйынында шыр көбелек айналдырып, осы бір көп адам біле бермейтін қиын істе қылмыс әлемінің қыры мен сырғына еліктеріп жетті.

Тіпті сонау студенттік жылдардағы санасына із түсірген оқиғаны ұмыта алар емес. Практикада жүрген кезі еді. Семейдің қоңыр салқын күзі. 10 күн бұрын пойыз астына басылып өлген жас әйелдің сипісі соттың шешімімен келіспейтінін айтып, істі қайта қарауын сұраған. Оған себеп, көршілерінен сұрастырса, оқиға болған күні үйден қатты айқай-шу шыққан. Күдіктенген жас әйел апасының қасакана өлтірілуі мүмкін екенін айтып, арыз жазыпты.

Содан мәйітті қазып алып, зерттеу-сараптау жұмыстарын жүргізгенде, пойыз донғалағы оның кеуде тұсымыз мықшып кеткені анықталды. Бірақ жүрегі қатты қысымнан орнынан қозғалып, жоғары шығып кеткен. Кеудені жарып, жүректі алып қарағанда, еш жері бүлінбеген, денесіне бойлай сұғылған пышақтың ізі анық көрінеді. Сөйтіп, әйелді өлтірген күйіеуі болып шықты. Міне, сонда адам айлакерлігі бәрібір ақиқаттың алдында әлсіз екенін көрсетті. Қылмыс әлемінде қылмыскер қанша қулық жасадым дегенмен, артынан із қалдырады екен. Адам саусағының бедері бір-біріне ешқашан ұқсамайтынын көпшілік біле бермейді. Бұл – із кесушілер үшін таптырмас айғақ.

Міне, осындай оқиға Қанаттың есінде. «Бағира» азық-түлік дүкені тоналғаны жөнінде хабар жетісімен, жедел іздестіру тобы келіп жетті. Ішінде Қанат та бар. Кассадағы 30 мың теңге, сөредегі темекі блоктары жоқ. Оның көзі «Қазақстан» сигаретіне түсті. Өйткені сыртқы орауы жылтыр қағазбен қапталған. Күдік оған тірелгені: жанындағы темекі қораптары жоқ, ашық тұр. Қылмыскер қолымен абайсызда



Із кесуші

ұстауы мүмкін ғой. Ол тез арада ұнтақты сеуіп, қолдың танбасын түсіріп алды да, Қызылордаға барып анықтаған. «Г»-нің саусағының ізі екенін біліп келсе, орталықтағы тағы бір дүкеннің тоналғанын естіді. Ұры артық зат тасытын жақтан кіріпті. Дүкен иелері терезенің сыртқы жағын айқыш-үйкеш етіп, қалай болса солай темірлермен дәнекерлей салған. Ұры өзі сиятын жердегі шынының сыртындағы жапсырма қағазды қолына орап алғаннан соң сындырып, әйнектің көзін жерге алып тастай салып, сол тәсілмен ішкі қабатты да ашып, жайғастырған. Шыныға жапсырма қағаз қолданыу ұрының әйнектің сындырғанымен деген қулығы болса керек.

Күнді келіп, сауда жасаған болып, сатушылардың ақшаны қайда қоятындыр деп көрген ғой. Ненің қайда тұратынын зерттеген ол түнде де тіпті жарықты жақпай-ақ тауып алыпты. Ұрлық алдыңғыға ұқсас. Бірақ оны қалай дәлелдейсін? Терезенің ағаш жақтауында қолдың ізі жоқ. Жарық жағатын нүкте таза. Есік тұтқасында із қалмаған.

Тынымсыз ой мазалап, тығырыққа тірелген Қанаттың есіне сары жапсырғыш түсе кетті.

– Ойбай-ау, ол жапсырғышты жалаң қолмен тарқатып алған жоқ па? Неге соны көрмеске? – деген ой сарт ете түсті. Жүгіріп келіп, жапсырғыштағы ізді сараптау бөліміне алып барып зерттегенде, қылмыскер бір адам болып шықты. Міне, осындай шалт қимылдың арқасында екі күнде екі қылмысты ашып, алғыс алғаны бар.

Осы бір езуінен күлкі кетпейтін, қысыңқы көзінен жылылық төгіліп тұратын бозбала күлкілі жағдайлардың да болатындығын айтқанда, өмір, тіршілік, оның қалтарысында қатыгездік пен мейірімділік майданы алма-кезек қайшыласып жүріп жататындығына көзім жеткендей болды...

Бірде кезекшілікте отырғанда дабыл түсіп, көпқабатты үйдің тұрғыны аулақтау жерге бір әйелдің ораулы затты көміп жатқанын айтты. Хабар жетісімен бірінші болып енгізіп келген Қанат ізді гипске түсіріп алып, аяқ ізі қайда кеткенін тауып, зат көмілген шұңқырды қазып, оны ашып қарағанда, бұлар ойлағандай емес, басқа...өлген мысық болып шықты. Оның иесі жалғыз кемпір екен. Өмір бойы айнымас серігі болған Ванясын арулап көмгендігі болса керек. Өзінің сүйікті мақұлығын бұлардың қолынан көрген кейуана біраз ренжіп, көз жасын төгіп алыпты. Мысық екеш мысықты да аялап келген қарияның қылығы қол ойларға жетелейді. Өзінің жас әйелін айуандықпен өлтірген еркек «өтіріктің құйрығы бірақ тұтам» екенін білмеген ғой, сірә.

Артындағы қалған нәрсенің көз жасы жібермесін қалай түсінбеді екен?..

Ал адамдардан жылылық таппаған кәрі әйел құрлы мейірім нұры азайып бара ма, қалай?

Сағат кешкі сегіз. Ұялы телефоны әндетіп берді.

– Шұғыл шақыртып жатыр. Мен кеттім, – делі Қанат жүре киініп.

– Уайымдамай-ақ қойыңдар.

– Жолың болсын, жас жігіт! – дедік біз де.

Бүгінде Қанат Үсейінов капитан шенін алған із кесуші.

Зайра ҚАЛПАСҚАРҚЫЗЫ
Сурет ашық дереккөзден алынды

БІЛГІМ КЕЛГЕН БІР СҰРАҚ...

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?

«Айшылық алыс жерлерден,

Жылдам хабар алдырған», – деген өлең жолдары бүгінгі нұсқаған тәртізді. Кейінгі кезде азаматтардың мемлекеттік қызметті алуы жеңілдеп, ғаламтор арқылы кез келген уақытта, кез келген жерде қол жеткізуі көптің көңілінен шығуда.

Мұндай мүмкіндіктерге мемлекеттік қызметтер порталын пайдалану арқылы да алуға болады. Электрондық өтінішті тәулік уақытына, мереке және демалыс күндеріне қарамастан кез келген уақытта интернет желісіне рұқсаты бар кез келген компьютер, планшет немесе ұялы телефон арқылы беруге болады. Қызметті алу үшін үйден шығудың қажеті жоқ. Электрондық өтініш пен қажетті құжаттар тізімін мемлекеттік қызметтер порталы арқылы жіберу жеткілікті. Бұдан әрі сіз өз өтінішіңіздің орындалу барысын бақылайсыз.

Портал мүмкіндіктерін жеке және заңды тұлғалар, кәсіпкерлер мен шетелдік азаматтар пайдалана алады. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер порталы

мемлекеттік қызметтер, функциялар, ведомстволар туралы ақпаратты ұсынуға, сондай-ақ электронды түрде қызметтер көрсетуге арналған. Оның көмегімен қызметті электронды түрде алу, мемлекеттік қызмет көрсету, алу орны, құны, көрсету мерзімдері және құжаттардың үлгілері туралы ақпарат алу, мемлекеттік мекемелер туралы ақпарат алу тәртізді қызметтерді ала аласыз.


Электрондық түрде мемлекеттік қызметті алу туралы өтінішті беру мүмкіндігі болу үшін азамат мемлекеттік қызмет көрсету порталында болуы тиіс. Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру: www.egov.kz (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады. Портал арқылы төлқұжатты алуға, айыппұлды төлеуге, автокөлікті тіркеуге, көлік құралын тіркеуден алып тастауға, атқарушылық іс жүргізу бойынша ақпарат алуға, атқарушылық іс жүргізудің бар-жоғы туралы анықтама алуға және тұрғылықты жері бойынша тіркеуден өтуге болады.

Мемлекеттік қызмет порталын пайдаланудың артықшылықтары көп. Әуелгісі – тәулік бойы қолжетімділік. Сондай-ақ қызметті кез келген электрондық құрылғыны пайдалана отырып, интернет желісі арқылы сізге ыңғайлы кез келген жерден алып, жазбаша растауды күтудің қажетінің жоқтығы, есептік құжаттардың бланкілерін сатып алуға жұмыс уақытын, сондай-ақ ақшайлы қаражатты үнемдеу, кезектердің болмауы, жедел ақпараттандыру, қолдау қызметінің болуы, есептілікті жеткізуді растау, сыбайлас жемқорлықтың болмауы, себебі өтініш беруші қызметті алу үшін тікелей ведомствоға өтініш білдірмейді, өтінішті өңдеу бойынша жұмыстың әрбір кезеңінде ақпараттандыру, бланкілерді толтыру кезінде қателерді болдырмау, қызметті алудың тіркелген мерзімі, электрондық құжат айналымы жүісісін енгізу салдарынан бюрократиялық сымдарды жою тәртізді артықшылықтар да бұл сервиске оң көзқарас танытуға әкеледі.

Эльмира А.ИМАГАНБЕТОВА,

Қызылорда бөлімшелік қоліктегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А, Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейді, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «AS!» баспа үйі» ЖІПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖДІС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242)40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонна хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4403 Тапсырыс №499

Нөмірдің кезекші редакторы Думан КЕЦШІЛК